

1

**Мушелтой**

Біз, ақмолалықтар Кенжеғали Сағадиевті сырттай ғана емес, жақын білетін жандармыз. Онымен бірнеше жыл бойы бір ұжымда қоян-қолтық еңбек етіп, ғылымды дамыту жолында атқарған істеріне, ұстаздығына, ұйымдастыру қабілетіне өте қанықпыз.

Кенжеғали Сағадиев Целиноград ауыл шаруашылық институтына сегіз жыл қатарынан басшылық етті. Осы жылдар ішінде Тың елкесінде мамандардың негізін қалауда, өндірістік ұйымдардың прогрессивті әдістерін және жана технология мен техниканы игеруде кеп еңбек сіңірді. Сондай-ақ, келемді тың стратегиясын жүзеге асыруда жаңа білімдерін қабылдап, оны тәжірибе жүзінде қолдана алатын қабілетті мамандандырылған шығармашылық ұжым құрды. Аграрлық ғылымның ақтуальды проблемаларын жасауға күш салып, оқудың жаңа тиімді әдісін енгізді. Осындай қысылтаяң шақта езін басшы, ғалым, ұстаз ретінде жақсы қырынан көрсете білді. Кенжеғали Сағадиев басшылық еткен сегіз жылдың ішінде оқу орнының материалдық-техникалық базасы екі есеге есті. Жаңа оқу корпустары, жатақханалар, мал дәрігерлік клиникасы, тұрғын үйлер салынды. Әлеуметтік жағдайдағы мұндай оң өзгерістер Кенжеғали Әбенұлының ұжым арасында шексіз сый-құрметке бөледі.

Целиноград ауыл шаруашылық институты аграрлық жүйедегі алдыңғы қатардағы оқу орындарының бірі болды. 1988 жылы Бүкілодақтық қатардағы ауыспалы Қызыл Тумен марапатталуы осының айғағы. Кажырлы еңбегі, жоғары ғылыми дәрежелігі, дүниетанымының кеңдігі, іскерлігі арқасында Кенжеғали Сағадиев белгілі басты тұлға болды. Институттың ғылыми ұжымының зерттеуінен табылған бидайдың жаңа түрінің "Кенжеғали" деп аталуы кездейсоқтық емес, осының айқын айғағы.

Егер Кенжеғали Әбенұлының зерттеу таланты жөнінде сез қозғар болсақ, студенттік кезден бастап, одан кейінгі жылдары да ғылыммен түпкілікті айналысты. Бірнеше құнды жұмыстары жарыққа шықты. "Материалдық-техникалық жабдықтардың экономикалық тиімді проблемалары" монографиясы бұрынғы Одақтағы ең алғашқылардың бірі болып саланың тиімді талаптарын тандаудағы әдістерін толық негіздеді. Мұнда теориялық концепциялар ұсынылып, берілген сенімдер Кеңестер Одағының Министрлер Кеңесі Мемлекеттік комитетінің ғалымдары мен мамандары және шетел ғалымдары тарапынан қолдау тапты.

К. Ә. Сағадиевтің 70-ші жылдардың екінші жартысында жүргізген ғылыми еңбектері ғалымның экономикалық ойдың ағымының дамуына тани білуі қабілеттігін айғақтаса, ал уақыт оның ойының бүгінгі "өндіріс-тұтынушы" жүйесіне қатынасын реттеп отыру үшін басқару мен пайдалану шаруашылық механизмі проблемаларының кеңейтілігін тағы бір рет дәлелдеді. Ғалымның ғылыми ауқымы бір ғана саланың білімімен шектелмейді, зерттеліп ашылған тақырыптың тереңдігінен, ізденудің кеңдігімен мінезделеді. К. Ә. Сағадиевтің кептеген еңбектері жалпы экономикалық проблемаларға, жұмыстың жүйелілігіне, агроөндірістік кешендегі шаруашылық механизмін жүзеге асыруға арналған. "Агроөнеркәсіп жөнінде жүз сауал мен жазу жауап" және басқа да оның жетекшілік етуімен жазылған монографияларында Қазақстандағы агроөндірісті тереңрек топтастыру мен басқаруды жетілдіру, аграрлық сектордағы шаруашылықты жүргізудің экономикалық әдістерінің жаңа тараптық проблемаға кешуі зерттелген.

Кең және кепқырлы ғылыми ұйымдастыру жұмыстары жоғарғы комитеттерде, редколлегияда, орталықтарда, ректорлар кеңесінде назарға ілігіп, тиісті бағасын алды. 1990 жылы К. Ә. Сағадиев Қазақстан Республикасы Ғылым академиясына президиум хатшысының бас ғалымы ретінде шақырылды. Осы жерде академиялық ғылымды ұйымдастыруды жетілдірудің жолдарын іздестіруге байланысты қарқынды жұмыс бастады. Ғылым академиясының басқа да жетекшілерімен бірлесе отырып К. Ә. Сағадиев республиканың ғылым және ғылыми-техникалық саясатын дамыту концепциясын жүзеге асыруға белсене қатысты. Ғалымның басшылық жасауымен ғылыми және ғылыми-техникалық саясат туралы Заңның жобасы дайындалды. Кенжеғали Сағадиев Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының Оңтүстік батыс және Шығыс бөлімшелерінің, оның құрамына енетін ғылыми орталықтың негізін қалаушылардың бірі болды. Ал, 1992 жылы Кенжеғали Сағадиев Президенттің тапсыруымен Қазақ мемлекеттік экономикалық университетін басқарды. Сонда республика егемендігін алып, жаңа экономикалық процеске енді кіріп жатқан

**Ұлы адамдар ескерткішінің тұғырын өзі орнатады, ал мүсінін болашақ соғады.**  
В. Гюго.

2

**ӨМІР - ДЕРЕК**

- \* 1938 жылы 18 ақпанда Торғай облысының Жанкелді ауданына қарасты Ахмет Байтұрсынов ауылында туған.
- \* 1955 жылы Әулікөл орта мектебін бітіріп, ҚазМУ-дың экономика факультетіне оқуға түскен.
- \* 1960 жылы университетті тәмамдап, 1963 жылы



- Москва халық шаруашылығы институтының аспирантурасына түскен.
- \* 1966 жылы экономика ғылымының кандидаты.
- \* 1977 жылы экономика ғылымының докторы.
- \* 1989 жылы Ұлттық академияның корреспондент-мүшесі.
- \* 1994 жылы академик.
- \* 1982-1990 жылдары Ақмола ауыл шаруашылық институтының ректоры.
- \* 1991-1994 жылдары Қазақ мемлекеттік басқару академиясының директоры.
- \* 1994-1996 жылдары Ұлттық Ғылыми академияның президенті.
- \* 1996 жылдан Қазақ мемлекеттік аграрлық университетінің ректоры.

3

тұста, мамандарды даярлаудың дәстүрлі тәртібіне басқаруды түп-тамырымен қайта құру керек болды. Осы кезде де ол жұмыстың жаңашылдық бағытын

**АКАДЕМИК  
КЕНЖЕҒАЛИ  
САҒАДИЕВ**

таңдай білді. Оның алдында экономикалық оқу орнының профессорлары мен мұғалімдердің дәрежесін арттыру тұрды. К. Ә. Сағадиевтің және университеттің тарапынан қолдау тауып, 1993 жылғы 23 ақпанындағы Жарлығымен Қазақ мемлекеттік академиясы басқармасы болып қайта құрылып, мұғалімдер мен қызметкерлердің жалақысы екі есе көтерілді. Бұрынғы факультеттер мен оқу-ғылыми кешендері қайта құрылып, жаңа заманға сай менеджмент, маркетинг, микроэкономика, макроэкономика, кәсіпкерлік және бизнес

**1998 жыл - Халық бірлігі**



**(Жалғасы, басы өткен санда)**

Газетіміздің алдыңғы санында түркілер қағанатының пайда болуы мен күшті мемлекетке айналған кезеңіне қысқаша шолу жасап өттік. Аталмыш мақалаға қол артпас бұрын, түркі дүниесіне үңіле зерттеген кептеген ғалымдардың еңбектерін саралап, шығыс елдерінің кене жәдігерліктері негізінде жасалған тарихи оқулықтарды парақтағанда байқағанымыз, түркі дүниесінің әрбір тарихи кезеңімен, тарихқа қатысты тұлғалардың басты ерекшеліктері әркімде әр түрлі сипатталып отырған. Осының бәрін бір ізге түсіріп нақты дәлелді жауабын беру, бүгінгі маман тарихшылар алдында тұрған тағы бір міндетті шаруа. Бұл салада еңбек етіп жүрген жазушы ағамыз Қойшығара Салғараұлының еңбегі елеулі екені сезсіз.

Буман қағаннан жеңілген жужандар, қырғыннан аман қалған елін жинап Анағайдың әкесінің інісі Дыншұңзыны хан сайлайды. Буман қағаннан кейін таққа отырған Қара Ыссақ (Қоло Исиги) Лай деген тауда, жұжан ханы Дыншұңзыны соғысып жеңеді. Қара Ыссақ қайтыс болған соң орнына інісі Муюй хан таққа отырады. Муюй қаған (Құшу, Кигинь) жужандарды толық жойып, батыста Иду-

ды бағындырды, шығыста Кидандарды ығыстырды, терістікте Цигулерді бағындырды. Ұлы Қорғанның (Аққорған) терістігіндегі бүкіл иеліктің шаңың қақты. (Н. Я. Бичуриннің жазбаларынан алынды Б. К.). Бұл Муюй қағанды Л. Гүмилев 572 жылы қайтыс болды дейді. Одаң кейінгі түркі қағаны Арыстан Таспар хан. Бұл қағанның тұсында түркілер бағынышты елдерден кептеген алым-

түркі және шығыс түркі болып бөлінеді. Қытайлардың айлалы саясатының нәтижесінде түркінің бекзада ұлдары езара қырқысып елсіреді.

**3. ТҮРКІ ҚАҒАНАТЫНЫҢ ҮЙДІ-РАУЫ ЖӘНЕ ІШКІ ТАРТЫС**

Түркі қағанаты ішкі тақ таластың кесірінен әлсіреп Сүй мемлекетіне (581-618

мемлекетінің негізін салушы қолбасшы Лян Юань, Шибегін көмегімен Таң мемлекетін орнықтырып түркілерге алым-салық төлеп тұрған. (Таң мемлекеті 618-907 жылдары өмір сүрген қытайлықтардың мемлекеті, тарихта Таң мемлекетінің тұсында, есіресе өнер мен мәдениет ерекше гүлденгені туралы айтылады Б. К.). Шығыс Түркістандық

**ТҮРКІЛЕР**

салық жинап, қағанаттың батысын Қара Ыссақтың баласы Шетуге, Эрфу хан деген атпен, шығысын інісі Жұтанға, Бері хан деген атпен басқартты.

Таспар хан 581 жылы аурудан қайтыс болады. Таспар ханның өз етінішімен қағандыққа Термен отырғанымен, ру, тайпалардың қарсылығына ұшырап, Таспарханның баласы Амрақ таққа отырады. Ақыры Амрақ та ішкі тақ таласына төтеп бере алмай өз орнын Шетуге береді. Сөйтіп Шету, Эрфу хан деген атпен таққа отырады. (Шетудің лауазымының қытайша аты Иличюлу ше Мохэ Шиболо хан). Бұдан былай ұлы түркі қағанаты екіге бөлінген. Таспар ханның қағанаты екіге бөліп билік тәртібін орнатуының жалғасы ретінде, батыс

жылдар өмір сүрген) алым-салық төлеп тұруға мәжбүр болды. Моңғол жәдігерліктерінде қаған Шибені (мүмкін

**Осыдан 1450 жыл бұрын Азияда дүркіретіп билігін 200 жыл жүргізген түркілер адамзат тарихына ешпес ізін қалдырды. Буман, Естеми, Білге, Күлтегін, Елтеріс, Тоныкек сияқты асылдар шықты. Өз тарихын дала тесіне қара тасқа қашап жазып кетті.**

Шетуді осылай атаған шығар Б. К.) тұсында түркілер күш біріктіріп Сүй мемлекетін құлақтаны айтылады. Бұл Сүй мемлекеті ыдырап орнына Таң мемлекеті орнықты. Таң

(Шинжандық) түркі зерттеушілерінің еңбегінде, батыс түркі қағанатының құрамында үйсін, қаңлы, дулат, түркеш, қарлық, теле, басмал (құрама тайпа), қыпшақ, оғыз, шығыл, тағы басқалар болған - дейді. (Қазақтың қысқаша тарихы, 1987. Шынжан баспасы). Осы қағанат құрамындағы түркі тайпалары телес және шуайянталар бөлініп кетеді. Бұл оқиғалар Тан патшасы Тай-зұңның тұсында болады. (Тай-зұң 649 жылы қайтыс болған Б. К.). Қешкпей түркі қағанатының құрамындағы хуйке, жегу, мегу тайпалары бөлініп кеткен телестерге барып қосылады. 630 жылы қазіргі Құмыл (Шинжандағы ұйғырлар мекендеген елке, Хами деп те айтылады) аймағындағы Иуыр елінің билеушісі Шыуан жеті қаласын тастап Таң патшалығына бағынып кетеді. 632 жылды Ыстықкөл маңындағы шеп тайпасының билеушісі Хэли өз елін бастап шығысқа ауа кешеді. 639 жылы шере және шымыр тайпасын бас-

